

Диссертациялық кеңестің жұмысы туралы ЕСЕП

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті жанындағы 8D017-
Тілдер және әдебиет бойынша педагогтерді даярлау
(6D011700 - Қазақ тілі мен әдебиеті)
мамандығы бойынша Диссертациялық кеңес

1. Өткізілген отырыстар саны жайлы мәліметтер

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті жанындағы 8D017-
Тілдер және әдебиет бойынша педагогтерді даярлау
(6D0101700 - Қазақ тілі мен әдебиеті)
мамандығы бойынша Диссертациялық кеңесінің 2025 жылы 9 отырыс өткізілді
(01.01.2025-31.12.2025).

2. Диссертациялық кеңес отырыстарына жартысынан кем қатысқан кеңес мүшелерінің аты-жөндері (болған жағдайда)

Диссертациялық кеңес отырыстарына жартысынан кем қатысқан кеңес мүшелері болған жоқ.

3. Оқу орындары көрсетілген докторанттардың тізімі.

1. *Талдыбаева Маржан Дархановнаның*, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті;
2. *Садибеков Асқат Кенесович*, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті;
3. *Юсуп Пархат Корабайұлы*, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті;
4. *Шериева Гулимжан Туребаевна* Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті;
5. *Токтанова Асель Керимовна*, Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті;
6. *Набидуллин Айболат Сарсенбаевич*, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті;
7. *Жанысбекова Шайзат Турақбаевна*, Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті;
8. *Аманжолова Арайлым Аламановна*, Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті;
9. *Бескемпирова Айгуль Усербаевна*, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті.

4. Есеп беру жылы бойынша диссертациялық кеңес келесі бөлімдерін бөліп қарағаны туралы диссертациялық жұмыстардың қысқаша талдауы:

Талдыбаева Маржан Дархановнаның диссертациясы бойынша:

1. Қарастырылған еңбектердің тақырыптарын талдау:

Диссертациясының тақырыбы — «Жоғары оқу орындарында қазақ орфографиясын модельдік жүйеге негізделген оқыту әдістері».

Мамандығы бойынша: 6D0101700 – Қазақ тілі мен әдебиеті

Ғылыми кеңесшілер - педагогика ғылымдарының докторы, профессор, академик Оразбаева F.Sh.,

Шетелдік ғылыми кеңесші – филология ғылымдарының докторы, доцент К. Кох.

Қорғау 2025 жылдың 15 қаңтарында өтті.

Жұмыста жаңа және сенімді нәтижелер алынды:

Қазақ тілін оқыту әдістемесінде қазақ тілінің емле жазылуын модельдік жүйе негізінде оқытудың әдістемелік және ғылыми-әдістемелік негіздері анықталады және осы үдерістің негізгі бағыттары айқындалады.

1. Жоғары оқу орындарында қазақ тілінің жазылуын модельдік жүйе бойынша оқытудың мазмұны мен құрылымдық негізі құрылып, осы жүйе бойынша оқыту талаптары анықталды.

2. Орфограмма модельдеу жүйесі мен құрылымының сипаттамасы, сондай-ақ қазақ тілінің емле жазылуын модельдік жүйе арқылы оқыту принциптері.
3. Қазақ тілін жаңашыл технологияларды пайдаланып модельдеу арқылы оқыту әдістемесі ұсынылады; Тапсырмалар типологиясы әзірленді, белсенді оқыту әдістері мен техникаларының тиімділігі расталды.
4. Тілдік, коммуникативті, когнитивті және әлеуметтік дағдыларды қалыптастыруға, сондай-ақ филолог-студенттердің кәсіби және жеке қасиеттерін дамытуға үлес қосатын әдістемелік жүйенің тиімділігі эксперименттік зерттеулердің нәтижелерімен расталды.

2) *диссертация тақырыптарын Қазақстан Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия «Ғылым туралы» Заңының 18-бабының 3-тармағына сәйкес және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес құрылатын ғылымды дамыту салаларымен байланыстыру;*

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы. — Астана, 2017

(16.07.2023 жылғы түзетулер мен толықтырулармен).

2020-2025 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының білім және ғылымды дамыту мемлекеттік бағдарламасы. — Астана, 2020. 132 бет.

Токаев К. Ұлттық Курултай жиналысындағы сөзі. — Түркістан қаласы, 2023 жылғы 17 маусым

Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесіндегі білім беру ұғымы. Астана, 2020. - 15 бет.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Токаевтің Қазақстан халқына арналған «Әділ Қазақстанның экономикалық бағыты» атты жолдауы. — Астана, 2023 жылғы 1 қыркүйек

Қазақстан Республикасының 2023 жылғы 01.09.2023 №171-VI «Білім туралы» заңы (26.02.2023 жылғы түзетулер мен толықтырулармен).

2023–2029 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының жоғары білім мен ғылымды дамыту тұжырымдамасы, 2023 жылғы 28 наурызда № 248 мақұлданды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Токаевтің Қазақстан халқына арналған «Әділ Қазақстан: заңдық пен тәртіп, экономикалық өсу, қоғамдық оптимизм» атты жолдауы. — Астана, 2024 жылғы 2 қыркүйек

3) *диссертация нәтижелерін практикалық іс-шараларда жүзеге асыру деңгейін талдау*

- Қазақ тілін оқыту әдістемесінде қазақ тілін емле оқытудың әдістемелік және ғылыми-әдістемелік негіздері модельдеу негіздері анықталады және осы үдерістің негізгі бағыттары айқындалады.

- Қазақ тілін университеттерде модельдеу арқылы оқытудың мазмұны мен құрылымдық негізі әзірленіп, осындай оқытуға талаптар анықталды.

- Қазақ тілінің орфографиясын модельдеу жүйесі мен құрылымы, сондай-ақ университеттерде орфографияны модельдеу арқылы оқыту принциптері сипатталған.

- Қазақ тілінің жазылуын инновациялық технологияларды пайдаланып модельдеу арқылы оқыту әдістемесі ұсынылды; Тапсырмалар типологиясы әзірленді, белсенді оқыту әдістері мен техникаларының тиімділігі расталды.

- Тілдік, коммуникативті, когнитивті және әлеуметтік дағдыларды қалыптастыруға, сондай-ақ филолог-студенттердің кәсіби және жеке қасиеттерін дамытуға үлес қосатын әдістемелік жүйенің тиімділігі эксперименттік зерттеулердің нәтижелерімен расталды.

Садибеков Асқат Кенесовичтің диссертациясы бойынша:

Қаралған жұмыстар тақырыптарын талдау:

Диссертация тақырыбы – «Жоғары оқу орындарында көне түрік тілін оқыту әдістемесі»

Мамандық: 6D0101700 - Қазақ тілі мен әдебиеті

Ғылыми кеңесшілері – PhD, доцент м.а. Ергубекова Жанат Сапарбековна,

филология ғылымдарының докторы, профессор Ескеева Мағрипа Қайнарбайқызы,

Шетелдік ғылыми кеңесші – PhD, доцент Али Ылғын.

Қорғау 2025 жылдың 13 наурызында өтті.

Жұмыста төмендегідей жаңа және сенімді нәтижелер алынған:

- Көне түрік тілін оқытудың этикалық-әлеуметтік мәні айқындалып, ұрпақ бойында ұлттық сана мен рухани құндылықтарды қалыптастырудың ғылыми негізі дәйектелді;

- көне түрік жазба ескерткіштеріндегі дыбыстардың таңбалануы, дауысты, дауыссыз дыбыстар мен дыбыстар тіркесінің берілу заңдылықтары мен жазудағы бірізділікке ұмтылу белгілері, лексикалық бірліктердің мағыналары мен қолданылу мүмкіндіктері, сөз таптарының түрленуі мен сөз тіркесі мен сөйлем құрылымы өлі тілді оқыту тәжірибесі аясында сараланып, өзіндік ерекшеліктері айқындалды;

- көне түрік тілін меңгерту барысында этномәдениеттанымдық, когнитивтік, коммуникативтік, ақпараттық-технологиялық секілді пәндік метатанымдық кәсіби құзыреттіліктер анықталып, дара рухани тұлға тәрбиелеуге алғышарт жасалды;

- көне түрік тілін оқыту үдерісіне заманауи цифрлық технологиялар енгізіліп, жасанды интеллект мүмкіндіктері мен мобильді қосымшалардың білімгерлердің теориялық білігі мен тәжірибелік дағдыларын қалыптастырудағы тиімділігі анықталды;

- көне түрік таңбаларын үйрету мақсатында, қазақша пернетақтада жұмыс жасайтын «Old Turkic» шрифті жасалып, графемаларды дыбыстаудың жаңа авторлық әдістемесі әзірленді;

- көне түрік тілін оқытудың құрылымдық-мазмұндық моделі мен оқытудың жаңа әдістері, заманауи оқыту технологиялары ұсынылып, жоғары оқу орындарының «Тілдер және әдебиет» бағытындағы білім беру бағдарламалары үшін «Көне түрік тілі» аталатын элективті курсы таңдау пәні ретінде енгізілді.

2) ғылым туралы Заңның 18-бабаның 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғарғы ғылым-техникалық комиссияның бақылауымен қалыптасқан ғылымның даму бағыттары мен диссертация тақырыбының өзара байланысы

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. 2022 жыл 27 шілде, № 28916. 10.12. 2022. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200028916>. Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы №1045 қаулысы. <https://primeminister.kz/assets/media/azastan-respublikasynday-til-sayasatyniske-asyrudy-2020-2025-zhyldara-arnalan-memlekettik-badarlamasy.pdf>. Қазақстан Республикасының Тіл туралы Заңы. Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі №151 Заңы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z970000151>. Қазақстан Республикасындағы этникалық-мәдени білім тұжырымдамасы туралы. Қазақстан Республикасы Президентінің Өкімі. 1996 жылғы 15 шілде №3058. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/N960003058>. Білім туралы. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 Заңы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>. Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы. ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №248 қаулысы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000248>. Тоқаев Қ-Ж.К. Қазақстан халқына Жолдауы. Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі Қоғам. 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K22002022_2. Назарбаев Н. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру»// 12 сәуір 2017. https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleketbasshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy. Тоқаев Қ-Ж.К. Түркі мемлекеттері ұйымының X саммитінде сөйлеген сөзі. 2023 жылғы 3 қараша. <https://www.akorda.kz/kz/turki-memleketteri-uyymynynx-sammiti-otti-3103641>. Тоқаев Қ-Ж.К. «Тәуелсіздік бәрінен қымбат». 5.01.2021. <https://egemen.kz/article/260146-tauelsizdik-barinen-qymbat>. Тоқаев Қ-Ж.К. Түркі мемлекеттері ұйымының саммитінде сөйлеген сөзі. 2024 жылғы 6 қараша. <https://www.akorda.kz/kz/prezident-turki-memleketteriuymynyn-sammitine-katysty-61056>. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев:

Мақсатым – экономиканы және егемендікті нығайту. /Е.Жүніс/ 03.01.2025.
<https://anatili.kazgazeta.kz/news/63674>

3) *диссертация нәтижелерін іс-тәжірибеде қолдануды ендіру деңгейін талдау.*

– Жоғары оқу орындарында «Көне түрік тілі» элективті курсының құрылымы жүйеленді;

– жоғары оқу орындарының 5B020500, 6B02302 – «Филология: Қазақ филологиясы», 5B011700, 6B01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті», 6B02267 – «Түркітану», 6B02333 – «Шетел филологиясы: Түрік тілі» білім беру бағдарламалары бойынша оқытылатын «Көне түрік тілі» пәнінің оқу, оқу жұмыс (силлабус) және оқу-әдістемелік кешендеріне арналған дәріс, семинар, БӨЖ және ОБӨЖ тақырыптары енгізілді. Жәдігерлік ескерткіштерді оқыту үдерісіне заманауи цифрлық технологиялар енгізіліп, жасанды интеллект мүмкіндіктері мен мобильді қосымшалардың теориялық білігі мен тәжірибелік дағдыларын қалыптастыру тиімділігі анықталды.

– Зерттеу нәтижелері жоғары оқу орындарындағы көне түрік тілі пәнін оқытудың сапасын байытуға, басқа ғылымдармен сабақтастықта меңгертуге көмегін тигізеді. ЖОО ұстаздарына, ізденушілерге көмекші құрал ретінде пайдалануға болады. Зерттеудің нәтижелерін оқу құралдары мен әдістемелік нұсқаулар дайындауда және оқу-әдістемелік кешен әзірлеуде қолдана алады.

Юсуп Пархат Корабайұлының диссертациясы бойынша: Қаралған жұмыстар тақырыптарын талдау:

Диссертация тақырыбы – «Оқу жоспарын меңгерту арқылы студенттердің кәсіби-интеллектуалдық әлеуетін дамыту»

Мамандық: 6D0101700 - Қазақ тілі мен әдебиеті

Ғылыми кеңесшілері – педагогика ғылымдарының докторы, доцент Даулетбекова Жанат Турарбековна, шетелдік кеңесші филология ғылымдарының докторы, профессор Екрем Аян.

Қорғау 2025 жылдың 13 наурызында өтті.

Жұмыста төмендегідей жаңа және сенімді нәтижелер алынған:

– оқу жоспарын құрылымдаудың педагогикалық ұстанымдары мен психологиялық аспектілері сараланып, диагностикалық авторлық әдіс арқылы болашақ маманның кәсіби-интеллектуалдық әлеуетінің даму көрсеткіші айқындалған.

– цифрлық платформалар арқылы сабақты жоспарлау үлгілері берілген.

– оқу жоспарын жасаудың құрылымдық-мазмұндық моделі және сабақты жоспарлау алгоритмі жасалып, сабақ жоспарының жаңа үлгісі ұсынылған.

– студенттерге оқу жоспарын меңгертудің біртұтас әдістемелік жүйесі тәжірибелік-эксперименттік сынақтан өткізіліп, оның тиімділігі тәжірибе жүзінде дәлелденген.

– жоғары оқу орындарында жүргізілген тәжірибелік-эксперименттің нәтижесінде 6B01700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау» білім беру бағдарламасы бойынша білім алушылардың «Қазақ тілінің оқыту әдістемесі» пәнінің оқу, оқу-жұмыс (силлабус), және оқу-әдістемелік кешеніне сабақты жоспарлауға байланысты арнайы лекция, семинар, СӨЖ, СОӨЖ тақырыптары енгізіліп, тиімділігі дәлелденген.

2) *ғылым туралы Заңның 18-бабаның 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғарғы ғылыми-техникалық комиссияның бақылауымен қалыптасқан ғылымның даму бағыттары мен диссертация тақырыбының өзара байланысы*

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 01.09.2022 <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-181416>; Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Әділет министрлігінде 2022 жылғы 27 шілдеде №28916 болып тіркелген. 10.12.2022. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200028916>; Жалпы орта білім беру деңгейінің

жаратылыстану-қазақ тілі бағытындағы 10-11-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы //Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 352 бұйрығымен бекітілген. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1300008424>; «Педагог мәртебесі» туралы Қазақстан Республикасының заңы. № 293-VI, Нұр-Сұлтан, 27 желтоқсан 2019 ж. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000293>.

3) *диссертация нәтижелерін іс-тәжірибеде қолдануды ендіру деңгейін талдау.*

– жоғары оқу орындарында оқу жоспарын меңгертуде қолданылатын оңтайлы әдіс-тәсілдері мен технологиялары жүйеленді;

– сабақты жоспарлаудың 7 «Е» әдісі, COOGLE IT, MINDMEISTER платформаларындағы сабақ жоспарының үлгісі, «SCAMPER», «BOPPPS», «STEPLADDER» әдістері және БЛУМ таксономиясымен жасалған тапсырмалар дайындалды;

– жоғары оқу орындарының 6B01700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау» білім беру бағдарламасы бойынша оқытылатын «Қазақ тілін оқыту әдістемесі» пәнінің силлабусына сабақты жоспарлауға арналған дәріс, семинар, СӨЖ және СОӨЖ тақырыптары енгізілді;

– ҚР БЖҒМ ұсынған, Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 11-сыныбына арналған «Қазақ тілі» оқулығы мен оқу-әдістемелік құрал және «Мектеп оқулықтары мен оқу-әдістемелік кешендерін апробациялау критерийлері жүйесі: әдістемелік ұсыныстар» атты әдістемелік құралы дайындалды.

– зерттеудің практикалық нәтижесін орта және арнаулы оқу орындарының тәжірибесінде, мұғалімдердің біліктілігін арттыру және қайта даярлау институттары мен жалпы орта білім беретін мектептердің оқу үдерісінде, қазақ тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесінің арнайы курсына, семинарлары мен дәрістерінде, ғылыми-әдістемелік еңбектерді жазуда және оқу-әдістемелік білім беруді жетілдіру бағытында пайдалануға болады.

Шериева Гулимжан Туребаевнаның диссертациясы бойынша:

1. *Қаралған жұмыстар тақырыптарын талдау:*

Диссертация тақырыбы – «Жоғары оқу орындарында қазақ тілін оқытуда шетелдік студенттердің мәдениетаралық қатысымдық құзыреттілігін қалыптастыру»

Білім беру бағдарламасы: 8D01705 - Қазақ тілі мен әдебиеті

Ғылыми кеңесшілері – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ Ұлттық Қыздар педагогикалық университеті, Сүлейменова Жарқынбике Нуаевна, филология ғылымдарының кандидаты қауымдастырылған профессор Қожа Ахмет Аясуи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Исаева Жазира Исақызы шетелдік кеңесші Нигде Өмер Халисдемир Университетінің докторы, профессор Хикмет Кораш.

Қорғау 2025 жылдың 28 наурыз айында өтті.

Жұмыста төмендегідей жаңа және сенімді нәтижелер алынған:

- қазақ тілін шет тілі ретінде мәдениетаралық қатысымдық құзыреттілік қалыптастыру деңгейінде оқытудың өзекті мәселелерінің ғылыми-әдістемелік т.б. зерттеулердегі ғылыми тұжырымдары жүйеленіп, сараланады;

- қазақ тілін оқытуда студенттердің мәдениетаралық қатысымдық құзыреттілігін қалыптастыру жаңа ұлттық-когнитивтік аспектіде оқытудың алғаш рет әдіснамалық, психолингвистикалық, когнитологиялық ғылыми негіздемесі жасалады;

- мәдениеттанымдық тілдік бірліктері мен ұлттық сана байланысының өзара қатысы оқыту әдістемесінде алғаш сараланады;

- ЖОО-да қазақ тілін мәдениетаралық қатысымдық негізде оқытудың кешенді бағдарламасы оқытудың жаңаша бағыттары негізінде әзірленеді

- ЖОО-да қазақ тілін мәдениетаралық қатысымдық құралы ретінде оқытудың ғылыми-әдістемелік жүйесі эксперименттік тәжірибеде тиімділігі дәлелденіп ұсынылады

2) *ғылым туралы Заңның 18-бабаның 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік*

бағдарламаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғарғы ғылыми-техникалық комиссияның бақылауымен қалыптасқан ғылымның даму бағыттары мен диссертация тақырыбының өзара байланысы

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына жолдауы. 01.09.2022. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы (Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы, 2017, 11-бап. Білім беру жүйесінің міндеттері. Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №248 қаулысы. Қазақстан Республикасының Ұлттық стандарты. Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері. Қарапайым деңгей. Жалпы меңгеру. ҚР СТ 1926-2015. Ресми басылым., Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті (Мемстандарт). Астана, 2017. - 47 б. «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары үшін жалпы білім беру пәндері циклінің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 603 бұйрығы.

3) диссертация нәтижелерін іс-тәжірибеде қолдануды ендіру деңгейін талдау.

Зерттеу барысында жасалған ғылыми пайымдауларды «Қазақ тілін оқыту әдістемесі», «Лингвомәдениеттану», «Тіл мәдениеті» пәні мен т.б. таңдаулы пәндерді оқытуда пайдалануға болады. Лингвомәдени бағытта оқыту талаптарына сәйкес шетелдік студенттерге лингвомәдени ұғым қалыптастыруға арналған арнайы әдістеме жасалынып, оқу-әдістемелік кешен ұсынылды. Зерттеу жұмысындағы әдістемелік оқу құралдарының кешені «Қазақ тілі» сабақтарының сапасын арттыруда жоғары оқу орындарында, қазақ тілін үйрену курстарында көмегін тигізеді. Зерттеу жұмысының нәтижелерін қазақ тілін сапалы оқытуда, оқыту мазмұнын анықтауға (оқу бағдарламалары, оқу әдістемелік құралдары), оқытудың дидактикалық заңдылықтары, ұстанымдары және әдіс-тәсілдерін жетілдіру үшін қазақ тілін оқыту үшін жоғары оқу орындарында қолдануға болады.

Токтанова Асель Керимовнаның диссертациясы бойынша:

1. Қаралған жұмыстар тақырыптарын талдау:

Диссертация тақырыбы – «Филолог-студенттердің тілдік рефлексиясын дамыту әдістемесі»

Мамандық: 8D01701 - Қазақ тілі мен әдебиеті

Ғылыми кеңесшілері – Филология ғылымдарының кандидаты, қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының қауымдастырылған профессоры Джакыпбекова Мафия Тургамбаевна, педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Ерхожина Шаттыгүл Лесбекқызы, шетелдік кеңесші Ресей Федерациясы, Армия генералы А. В. Хрулев атындағы Әскери Академиясы Әскери институтының орыс тілі кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының докторы Косяков Геннадий Викторович

Қорғау 2025 жылдың 23 маусымында өтті.

Жұмыста төмендегідей жаңа және сенімді нәтижелер алынған:

- зерттеу тақырыбы бойынша философиялық, психологиялық-педагогикалық және оқу-әдістемелік әдебиеттерге жасалған жан-жақты талдауымен; зерттеу нәтижелері әдіснамалық тұғырларға сүйеніп, айқындалған теориялық дәйектілігімен; зерттеу кезеңдерінің міндеттеріне сәйкес және бірін-бірі толықтыратын ғылыми-педагогикалық әдістер кешенінің қолданылуымен; филолог-студенттердің тілдік рефлексиясын дамыту әдістемесінің тиімділігі педагогикалық эксперимент барысында тексеріліп дәлелденуімен сипатталады.

- отандық және шетелдік әдіскер-ғалымдардың еңбектеріндегі тілдік рефлексияға қатысты мәселелердің ерекшеліктері мен сабақтастығы айқындалды;

- филолог-студенттердің тілдік рефлексиясын анықтаудың өлшемдері жасалды; зияткерлік рефлексия түрі ұсынылды (Ж. Аймауытовтың «тума серпілу» қағидасына сәйкес);

- Алаш ғалым-ағартушыларының оқу-әдістемелік мұрасы негізінде «Танымдық әлеует» стратегиясы, тілдік рефлексия концепциясы және құрылымдық-мазмұндық модель жасалды;

- құрылымдық-мазмұндық модельге негізделген «Philology» онлайн платформасы құрастырылып, тапсырмалар жасалды; жасанды интеллект және цифрлық әдістер қолданылып, тиімділігі эксперимент арқылы дәлелденді;

- саралау әдісі арқылы филолог-студенттердің тілдік рефлексиясын дамыту мотивациясы жасалды.

2) *ғылым туралы Заңның 18-бабаның 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғарғы ғылыми-техникалық комиссияның бақылауымен қалыптасқан ғылымның даму бағыттары мен диссертация тақырыбының өзара байланысы*

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 01.09.2022; <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstanhalkyna-zholdauy-181416>; Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы заңы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысымен бекітілген; Қазақстан Республикасының "Педагог" кәсіптік стандартын бекіту туралы заңы (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2022 жылғы 15 желтоқсандағы № 500 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 19 желтоқсанда № 31149 болып тіркелді); Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2021 жылғы 1 қыркүйектегі "Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі" атты Қазақстан халқына Жолдауы.

3) *диссертация нәтижелерін іс-тәжірибеде қолдануды ендіру деңгейін талдау.*

- зерттеу барысында білім берудің қазіргі парадигмалары аясында жоғары оқу орындарында филолог-студенттердің тілдік рефлексиясын қалыптастыру мен дамытудың тиімді әдіс-тәсілдері мен инновациялық педагогикалық технологиялары ғылыми тұрғыда жүйеленді.

- жоғары оқу орындарының 6B01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» ББ бойынша бакалавриаттың 3 курс студенттеріне арнап «Қазақ тілін оқыту әдістемесі» және «Бағалаудың өлшемдік технологиялары» пәндерінен «Филолог-студенттердің тілдік рефлексиясын дамыту әдістемесі» тақырыбында ғылыми эзірлеме дайындалып, оқу үрдісіне енгізілді.

- Зерттеу нәтижелерін жоғары оқу орындарында филолог мамандарды даярлау үдерісінде тиімді пайдалануға болады. Атап айтқанда, эзірленген тілдік рефлексияны дамытуға бағытталған әдістемелік жүйе қазақ тілі мен әдебиеті, филология бағытындағы білім беру бағдарламалары аясында оқытылатын базалық және элективті пәндердің мазмұнын жетілдіруге мүмкіндік береді. Зерттеу барысында ұсынылған әдістер мен тапсырмалар кешені жоғары оқу орындарында «Қазақ тілін оқыту әдістемесі», «Мәтінмен жұмыс технологиясы», «Кәсіби тіл мәдениеті», «Академиялық жазылым» сияқты пәндердің дәрістері мен практикалық сабақтарында, сондай-ақ арнайы курстар мен семинарларда қолдануға лайықталған. Сонымен қатар зерттеу нәтижелері болашақ филологтердің кәсіби ойлауын, метатілдік санасын және тілдік талдау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған оқу-әдістемелік құралдар мен ғылыми-әдістемелік еңбектерді эзірлеуде, білім беру мазмұнын жаңғыртуға арналған әдістемелік ұсыныстар дайындауда пайдаланылуы мүмкін. Зерттеу материалдары жоғары оқу орындары оқытушыларының тәжірибесін байытып, студенттердің тілдік рефлексия деңгейін арттыруға бағытталған педагогикалық үдерісті тиімді ұйымдастыруға нақты әдістемелік негіз бола алады.

Набидуллин Айболат Сарсенбаевичтің диссертациясы бойынша:

1. *Қаралған жұмыстар тақырыптарын талдау:*

Диссертация тақырыбы – «Жалпы тіл білімі» пәнін оқыту үдерісінде студенттердің ғылыми-танымдық әлеуетін арттырудың әдістемесі»

Мамандық: 6D011700 - Қазақ тілі мен әдебиеті

Отандық ғылыми кеңесші: *Даулетбекова Жанат Турарбековна* – педагогика ғылымдарының докторы, доцент, Қазақ-Британ техникалық университеті, Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы;

Шетелдік ғылыми кеңесші: *Мехмет Акиф Сөзер* – PhD, профессор; Гази университеті, Анкара қаласы, Түркия.

Қорғау 2025 жылдың 23 маусымында өтті.

Жұмыста төмендегідей жаңа және сенімді нәтижелер алынған:

–«Жалпы тіл білімі» пәнін оқыту үдерісінде студенттердің *ғылыми-танымдық әлеуетін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері* айқындалып, бұл ұғым педагогикалық және лингводидактикалық тұрғыдан нақтыланды.

–Студенттердің ғылыми-танымдық әлеуетін қалыптастыруды қамтамасыз ететін *әдістемелік жүйе* жасалып, оның құрылымдық компоненттері (мақсат, мазмұн, әдістер, формалар, оқыту технологиялары, нәтижелер) ғылыми тұрғыда негізделді.

–«Жалпы тіл білімі» пәнінің мазмұнын *заманауи лингвистикалық бағыттармен (когнитивтік, корпус, психо-, нейролингвистика, тіл және жасанды интеллект)* толықтырудың педагогикалық мүмкіндіктері айқындалды.

–Ғылыми-танымдық әлеуетті қалыптастыруға бағытталған *пилоттық силлабус пен оқу тапсырмаларының кешені* (зерттеушілік жобалар, проблемалық тапсырмалар, концепт-карталар, ғылыми күнделік, корпуста негізделген талдаулар) әзірленіп, оқу үдерісінде апробациядан өткізілді.

–Модульдік оқыту, Flipped Classroom және STEAM интеграциясы негізінде құрылған *оқыту технологияларының тиімділігі* эксперименттік жолмен дәлелденді.

–Педагогикалық эксперимент нәтижелері ұсынылған *әдістемелік жүйенің студенттердің ғылыми ойлауын, зерттеушілік дағдыларын және танымдық белсенділігін* арттыруға оң ықпал ететінін көрсетті.

–Зерттеу нәтижелерінің *сенімділігі* теориялық талдау, эмпирикалық деректер, педагогикалық эксперимент, бақылау және салыстырмалы талдау нәтижелерімен дәлелденді.

Осылайша, зерттеу нәтижесінде ғылыми танымдық әлеуеті жоғары студенттің кәсіби-ғылыми зерттеу қызметінде сыни және аналитикалық, шығармашылық ойлауы жетік дамитыны, ғылыми проблемалардың шешімін логикалық тұрғыдан дұрыс табатыны, ғылымның тиісті аспектілері бойынша теориялық тұжырымдарды және зерттеудің теориялық-эмпирикалық әдістерін терең меңгеретіні дәйектелді.

2) *ғылым туралы Заңның 18-бабаның 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғарғы ғылыми-техникалық комиссияның бақылауымен қалыптасқан ғылымның даму бағыттары мен диссертация тақырыбының өзара байланысы*

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы. 12.04.2017. <https://www.akorda.kz>; Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 01.09.2023. <https://www.akorda.kz>; Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Әділет министрлігінде 2022 жылғы 27 шілдеде №28916 болып тіркелген. 10.12.2022. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200028916>; «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жоғары оқу орындарының академиялық және басқару дербестігін кеңейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 28 сәуірдегі № 229 қаулысы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000229>; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы №1045 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900001045/history>; «Педагог мәртебесі» туралы Қазақстан Республикасының заңы. № 293-VI, Нұр-Сұлтан, 27

желтоқсан 2019 ж. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000293> және Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасы (<https://www.nlrk.kz/>); Қазақ тілінің ұлттық корпусы (<https://qazcorpus.kz>); Тілтанымдық электрондық кітапхана (<https://tbikitap.kz>); Лингвистический энциклопедический словарь (<https://rus-lingvist-dict.slovaronline.com>); Лингвистический энциклопедический словарь (<https://tapemark.narod.ru/les/>); Электрондық мемлекеттік кітапхана қорының каталогы (<https://www.nabr.kz/kk>); «Academia» қоры (<https://www.academia.edu>); Glottolog 5.1 (<https://glottolog.org>).

3) *диссертация нәтижелерін іс-тәжірибеде қолдануды ендіру деңгейін талдау.*

– біріншіден, *әдістемелік деңгейде* зерттеу нәтижелері «Жалпы тіл білімі» пәнінің мазмұнын жаңғыртуға негіз болды. Диссертацияда ұсынылған ғылыми-танымдық әлеуетті қалыптастыруға бағытталған әдістемелік жүйе пилоттық силлабус, модульдік құрылым, зерттеушілік тапсырмалар кешені арқылы оқу үдерісіне енгізілді. Бұл пәнді оқытуда дәстүрлі ақпараттық модельден зерттеушілік-бағдарлы модельге көшуге мүмкіндік берді.

– екіншіден, *оқу үдерісі деңгейінде* диссертациялық жұмыста әзірленген әдістер мен тапсырмалар жоғары оқу орнындағы дәрістер мен семинар сабақтарында апробациядан өтті. Атап айтқанда, проблемалық талдау, шағын зерттеу жобалары, корпус материалдарымен жұмыс, концепт-карта жасау, ғылыми күнделік жүргізу сияқты жұмыс түрлері нақты оқу аудиториясында қолданылды. Педагогикалық эксперимент нәтижелері бұл тәсілдердің студенттердің ғылыми ойлауын, зерттеушілік дағдыларын және танымдық белсенділігін арттырғанын көрсетті.

– үшіншіден, *практикалық-нәтижелік деңгейде* диссертация қорытындылары студенттердің оқу жетістіктерінен, ғылыми жұмыстарға қызығушылығының артуынан, курстық және дипломдық зерттеулердің сапасының жақсаруынан көрініс тапты. Бұл зерттеу нәтижелерінің іс-тәжірибеде тиімді қолданылғанын дәлелдейді.

– Жалпы алғанда, диссертация нәтижелерін іс-тәжірибеге ендіру деңгейі *жоғары* деп бағаланады, себебі ұсынылған ғылыми-әдістемелік шешімдер нақты оқу процесінде қолданылып, өзінің педагогикалық тиімділігін көрсетті және жоғары оқу орындарының тілдік пәндерін оқыту тәжірибесінде пайдалануға дайын өнім ретінде ұсынылды.

Жанысбекова Шайзат Туракбаевнаның диссертациясы бойынша:

1. Қаралған жұмыстар тақырыптарын талдау:

Диссертация тақырыбы – «Қазақ тілін оқыту үдерісінде оқушылардың прагматикалық құзыреттіліктерін қалыптастыру әдістемесі (8-9-сыныптар)»

Мамандық: 8D01701 - Қазақ тілі мен әдебиеті

Ғылыми кеңесшілері – педагогика ғылымдарының докторы, доцент Ж.Т.Даулетбекова, филология ғылымдарының кандидаты Г.Т.Сырлыбаева,

Шетелдік ғылыми кеңесшісі – филология ғылымдарының докторы, профессор А.Ш.Юсупова

Қорғау 2025 жылы 30 маусымда өтті.

Зерттеу жұмысында төменде көрсетілгендей тың нәтижелер алынған:

Қазіргі білім беру жүйесінде оқушы тұлғасын жан-жақты дамыту мәселесі ерекше мәнге ие болып отыр. Қазақстан Республикасының білім беруді дамыту тұжырымдамасын, білім берудің заманауи талаптарын жүзеге асырудың басты жолы ретінде мектеп қабырғасындағы оқыту үдерісі тек пәндік білім берумен шектелмей, оқушының тілдік, коммуникативтік, әсіресе прагматикалық құзыреттілігін қалыптастыруды да көздеуі тиіс екендігі айқындалған. Зерттеу тақырыбы бойынша лингвистикалық, психологиялық, педагогикалық және оқу – әдістемелік әдебиеттерге жасалған жан– жақты талдауымен, зерттеу нәтижелері әдіснамалық негіздерге сүйеніп, айқындалған теориялық дәйектілігімен, зерттеу кезеңдерінің міндеттеріне сәйкес және бірін– бірі толықтыратын ғылыми педагогикалық әдістер кешенінің қолданылуымен, 8-9 сынып оқушыларының прагматикалық құзыреттіліктерді қалыптастыру әдістемесінің тиімділігі педагогикалық эксперимент барысында тексеріліп, дәлелденуімен сипатталған.

Бірінші нәтиженің жаңалығы – Прагматикалық құзыреттілік үдерісі тілді оқыту әдістемесінің заманауи трендтерге сай басты бағыты ретінде сипатталып, оның компоненттік құрамы айқындалған; Екінші нәтиженің жаңалығы – 8-9 сынып оқушыларына меңгертілетін прагматикалық құзыреттілік процесіне анықтама беріліп, бұл мәселені қалыптастыратын прагматикалық маркерлер жіктелген; Үшінші нәтиженің жаңалығы – оқушылардың прагматикалық құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған жаттығулардың типологиясы жасалды: қарым-қатынас прагматикасын жеткізу құралдарын меңгеруге арналған жаттығулар; прагматикалық дағдыларды қалыптастыруға арналған жаттығулар; проблемалық жағдайларда прагматикалық қарым-қатынас тәжірибесін меңгеруге арналған жаттығулар, т.б. түрінде жіктелген; Төртінші нәтиженің жаңалығы – оқушылардың өмірлік дағдыларын дамытудың шешуші факторы – прагматикалық құзыреттілікті қалыптастырудың моделі жасалып, оқыту нәтижелері дәйектелген; Бесінші нәтиженің жаңалығы – 8-9 сынып оқушыларының психологиялық-педагогикалық, әлеуметтік ерекшеліктеріне орай прагматикалық құзыреттілікті қалыптастырудың кешенді әдістемелік жүйесі ұсынылған.

2) ғылым туралы Заңның 18-бабаның 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғарғы ғылыми-техникалық комиссияның бақылауымен қалыптасқан ғылымның даму бағыттары мен диссертация тақырыбының өзара байланысы

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңы, «Педагогтің кәсіптік стандарты», ҚР Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына арналған жыл сайынғы жолдаулары, сонымен қатар, Қазақстан Республикасында педагогикалық білім беру мемлекет тарапынан қабылданған нормативтік құжаттары мен мемлекеттік бағдарламаларына сәйкес келеді.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысы <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000988> (11.12.2022 ж. қаралды), Қазақстан Республикасының Білім беру туралы заңы. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P070000546> (қарау мерзімі: 16.01.2023), Тоқаев Қ. Тәуелсіздік бәрінен де қымбат. URL: <https://egemen.kz/article/260146-tauelsizdik-barinen-qymbat> (қаралған күні: 20.05.2022), Тоқаев Қ. Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзі. - Түркістан, 2023, 17 маусым, Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына жолдауы. - Астана, 2023, 1 қыркүйек, Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына жолдауы. - Астана, 2024, 2 қыркүйек \Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында сөйлеген сөзі. - Атырау, 2024. // <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-ulttyk-kuryltaydyn-adal-adam-adal-enbek-adal-tabys-atty-ushinshi-otyrysynda-soylegen-sozi-1525727>, ҚР білім берудің және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған бағдарламасы. - Астана, 2020. - 132 б, Қазақстан Республикасы үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы.- Астана, 2020.- 15 б, Қазақстан Республикасының 01.09.2023 жылғы № 171-VI «Білім туралы» заңы (26.02.2023 ж. жағдай бойынша өзгертулер мен толықтырулармен) 2023-2029 жылдарға арналған жоғары білім мен ғылымды дамыту тұжырымдамасы 2023 жылғы 28 наурыз №248, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 03 сәуірдегі «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» № 115 бұйрығы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1300008424/history>, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2017 жылғы 25 қазандағы «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 03 сәуірдегі №115 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы № 545 бұйрығы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1700015982>, Қазақстан

Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысымен бекітілген «Білімді ұлт» сапалы білім беру ұлттық жобасы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000726>
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 941 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2200000941>

3) диссертация нәтижелерін іс-тәжірибеде қолдануды ендіру деңгейін талдау.

Оқушының прагматикалық құзыреттілігін қалыптастыру үдерісінің тиімділігін арттыратын қағидалары, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар және қорытындылар әзірленді. Оқушының прагматикалық құзыреттілігін қалыптастыру технологиясы, жаттығулар кешені қамтылған «Тілдесім прагматикасы (8-9 сыныптар)» атты таңдау пәнін оқыту үдерісінде пайдалануға болады. Онда шығармашылық, жағдаяттық тапсырмаларды қабылдау мен түйсінуге, талдау мен бағалауға, тапқырлық пен шешендікті дамытуға негізделген әдіс-тәсілдер мен тапсырмалар жүйеленген. Зерттеу қорытындылары жаңартылған білім беру мазмұны жүйесіндегі білім сапасының жетілуіне, оқушылардың шығармашылық жұмыстарын дамытуға негізделген оқу пәні мазмұнын толықтыра түсуге мүмкіндік береді.

Аманжолова Арайлым Аламановнаның диссертациясы бойынша:

1. Қаралған жұмыстар тақырыптарын талдау:

Диссертация тақырыбы – «Жоғары сынып оқушыларының тілдік тұлғасын дамыту әдістемесі»

Мамандық: 6D0101700 - Қазақ тілі мен әдебиеті

Ғылыми кеңесшілері – философия докторы (PhD), Абызова Айна Маратовна, филология ғылымдарының докторы, профессор Смагулова Кулдархан Нургазиевна, шетелдік кеңесші философия докторы (PhD), профессор Жаң Диңжиң.

Қорғау 2025 жылдың 30 маусымында өтті.

Жұмыста төмендегідей жаңа және сенімді нәтижелер алынған:

- тілдік тұлғаны дамыту ұғымының қалыптасуы мен даму динамикасы дәйектелді, тілдік тұлғаның даму деңгейлері анықталды;

- оқушының тілдік тұлғасын дамытудың әдіснамалық, ғылыми-әдістемелік негіздері айқындалып, оқушылардың тілдік және сөйлеу рефлексиясының қалыптасу ерекшеліктері нақтыланды;

- мектеп оқушысының тілдік тұлғасын дамытудың модельдері мен тілдік тұлғаны дамытатын себептері анықталып, оқушылардың тілдік тұлғасын дамытуға арналған тапсырмалар мен жаттығулар кешені жүйеленді;

- оқушының тілдік тұлғасын дамытуда қолданылатын интербелсенді әдістер нақтыланып, олардың түрлері, қолдану жолдары белгіленді;

- мектеп оқушыларының тілдік тұлғасын дамытудың ғылыми-әдістемелік жүйесінің тиімділігі эксперимент арқылы тексеріліп, дәлелденді.

2) ғылым туралы Заңның 18-бабаның 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғарғы ғылыми-техникалық комиссияның бақылауымен қалыптасқан ғылымның даму бағыттары мен диссертация тақырыбының өзара байланысы

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы. 12.04.2017. <https://www.akorda.kz>; Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 01.09.2023. <https://www.akorda.kz>; Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Әділет министрлігінде 2022 жылғы 27 шілдеде №28916 болып тіркелген. 10.12.2022. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200028916>; «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жоғары оқу орындарының академиялық және басқару дербестігін кеңейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 28 сәуірдегі № 229

қаулысы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000229>; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы №1045 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900001045/history>; «Педагог мәртебесі» туралы Қазақстан Республикасының заңы. № 293-VI, Нұр-Сұлтан, 27 желтоқсан 2019 ж. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000293>

3) диссертация нәтижелерін іс-тәжірибеде қолдануды ендіру деңгейін талдау.

Қазақ тілі сабақтарында оқушылардың құндылық бағдарларын қалыптастыру жолдары ғылыми-әдіснамалық тұрғыдан негізделіп, оны меңгертудің әдістемелік жүйесі жасалды. Білім мазмұнын жетілдірудің, оқытуды ұйымдастырудың жолдары көрсетілді. Тілді оқыту арқылы оқушылардың бойында құндылық бағдарлардың қалыптасуын айқындайтын бағалау жүйесі анықталды. Осы бағыттағы зерттеу нәтижелері заман талабына сай қазақ тілін оқыту әдістемесі ғылымын жетілдіруге үлес қосады

Зерттеу барысында қол жеткізілген нәтижелерге қатысты практикалық жұмыстар тақырып бойынша әзірленген оқу-әдістемелік құралда жинақталып берілді. Оларды тілді оқыту үдерісінде мектеп мұғалімдері, оқу-тәрбие ісінде ата-аналар, педагогтер мен психологтер қауымы қолдануына болады. Оларды оқу бағдарламаларын түзуде, оқулықтар жазуда басшылыққа алуға болады. Педагог мамандарды даярлайтын арнаулы орта, жоғары оқу орындарының, сондай-ақ мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттыру саласы мамандарының да қолдануына болады.

Зерттеу жүргізу барысында қол жеткізілген нәтижелер мен жасалған теориялық тұжырымдардың растығын оқушының тұлғалық құндылықтарын қалыптастыра отырып, тілді оқытудың әдіснамалық негіздерінің айқындалуы; өзіндік ой қортындыларын жасауда осы мәселемен айналысқан белгілі ғалымдардың тұжырымдары мен қағидаларының басшылыққа алынуы; ұсынылған әдістемелік жүйе бойынша эксперимент барысында көрсеткен нәтижелердің сандық және сапалық талдаулар арқылы дәйектелуі; зерттеу болжамсының бекітілуі дәлелдейді.

Бескемпирова Айгуль Усербаевнаның диссертациясы бойынша:

1. Қаралған жұмыс тақырыптарын талдау

Диссертация тақырыбы – «ЖОО-да халық прозасын оқыту әдістемесі»

Мамандық: 6D0101700 - Қазақ тілі мен әдебиеті

Ғылыми кеңесшілері – филология ғылымдарының докторы, профессор Ергөбек Кұлбек Сәрсенұлы,

шетелдік ғылыми кеңесшісі доктор, профессор Наджийе Йылдыз.

Қорғау 2025 жылдың 29 желтоқсанында өтті.

Жұмыста төмендегідей жаңа және сенімді нәтижелер алынған:

- Халық прозасын оқытудың ғылыми-әдістемелік негізіне орай, педагогикалық модель жасалды. Осы негізде «Қазақ халық прозасын ЖОО-да оқыту әдістемесінің кешенді моделі» жасалып, ол болашақ филолог мамандардың рухани, мәдени және кәсіби құзыреттерін дамытуға бағытталған құрылым ретінде ұсынылды.
- Фольклорлық прозаны оқытудың интегративті әдістемесі ұсынылды. Зерттеу барысында фольклорды оқытудың пәнішілік және пәнаралық байланыстар жүйесі әзірленіп, халық прозасын әдебиеттану, мәдениеттану, тарих және педагогика пәндерімен байланыстыра оқытудың тиімді жолдары көрсетілді;
- SPSS статистикалық бағдарламасы негізінде сандық және сапалық тұрғыда талданып, студенттердің оқу жетістіктерінде, шығармашылық және сыни ойлау дағдыларында айтарлықтай оң динамика байқалды. Бұл нәтижелер ұсынылған әдістеменің практикалық құндылығын және ғылыми негізділігін дәлелдеді;
- Халық прозасын оқытуда инновациялық әдістемелік тәсілдер кешені жүйеленді;
- Зерттеу нәтижесінде халық прозасын оқытудың тиімділігін арттыратын интербелсенді әдістер жүйесі жасалды: жобалық әдіс, кейс-стади, проблемалық оқыту, дискурстық талдау, геймификация элементтері және цифрлық симуляция әдістері. Бұл әдістер

студенттердің шығармашылық және зерттеушілік белсенділігін күшейтіп, фольклорлық мәтінді метатанымдық әрі мәдени тұрғыдан қабылдауға бағыттайды;

- «Қазақ халық прозасын оқыту» атты екі апталық модуль ретінде жасалып, ЖОО оқу үрдісіне бейімделді. Курс мазмұнында халық прозасын оқытудың құрылымдық-мазмұндық моделі, жанрлық жіктелімдерге негізделген оқу модульдері және заманауи цифрлық құралдарды пайдалану әдістемесі қамтылды. Бағдарлама жоғары оқу орындарының «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы студенттеріне арналған әдістемелік

2) *ғылым туралы Заңның 18-бабаның 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғарғы ғылыми-техникалық комиссияның бақылауымен қалыптасқан ғылымның даму бағыттары мен диссертация тақырыбының өзара байланысы*

1. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру» Қазақстан халқына Жолдауы. 1 қыркүйек 2022 ж. [Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы — Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты](#)

2. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы – ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысы. ["Білімді ұлт" сапалы білім беру" ұлттық жобасын бекіту туралы - "Әділет" АҚЖ](#)

3. «Білім беру ұйымдарындағы оқыту үдерісін ұйымдастыру ережелері» - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығы. [Об утверждении Перечня документов, обязательных для ведения педагогами организаций дошкольного воспитания и обучения, среднего, специального, дополнительного, технического и профессионального, послесреднего образования, и их формы - ИПС "Әділет"](#)

4. Қазақстан Республикасының педагогикалық білім беруді модернизациялау тұжырымдамасы – ҚР Білім және ғылым министрлігі, 2021 жыл. [Концепция модернизации педагог.образов. РК 2022 каз г..pdf](#)

5. «Білімді ұлт: сапалы білім беру» Ұлттық жобасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысы. [Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы — Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты](#)

6. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы (№ 28916 санды 2022 жылғы 27 шілде). [Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы - "Әділет" АҚЖ](#)

7. Цифрлық білім беру ресурстарын дамыту және қолдану туралы» - Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы бұйрығы. [Информационно-правовая система нормативных правовых актов Республики Казахстан.](#)

3) *диссертация нәтижелерін іс-тәжірибеде қолдануды ендіру деңгейін талдау.*

– Жоғары оқу орындарында «Қазақ халық прозасы» оқу-әдістемелік кешенінің құрылымы жүйеленді;

– жоғары оқу орындарының 5В020500, 6В02302 – «Филология: Қазақ филологиясы», 5В011700, 6В01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламалары бойынша оқытылатын пәндердің оқу, оқу жұмыс (силлабус) және оқу-әдістемелік кешендеріне арналған дәріс, семинар, БӨЖ және ОБӨЖ тақырыптары енгізілді. Қазақ халқының фольклорлық проза мәтіндерін оқыту үдерісіне заманауи цифрлық технологиялар енгізіліп, жасанды интеллект мүмкіндіктері мен вебсайт, чат-бот көмегімен теориялық білігі мен тәжірибелік дағдыларын қалыптастыру тиімділігі анықталды.

– Зерттеу нәтижелері жоғары оқу орындарындағы хақыл ауыз әдебиетін, қазақ фольклорын оқытудың сапасын байытуға, басқа ғылымдармен сабақтастықта меңгертуде

